


# Гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің 2023-2024 оқу жылының есебі.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан халқының тілдері күніне орай 5-16 қыркүйек аралығында гуманитарлық пәндер бірлестігінің онкүндік апталығы жоспарлы түрде өз жұмысын аяқтады. Апталықтың ашылуынан бастап, сыныптан тыс іс - шаралар мен жоспарланған іс-шаралар белсенді әрі жауапкершілікпен өтті. Аптаның бірінші күні «Тіл - әр халықтың байлығы» атты Қазақстан халқының тілдері күні мерекесінің ашылуы өтті.



Қыркүйектің 5-жұлдызында жалпы Қазақстандық ашық диктант болды.



Мемлекеттік орыс және ағылшын тілдерінде «Тілімізге деген көзқарас – елімізге деген көзқарас» атты шығармалар сайысы өтті.

Аптаның ортасында ағылшын тілі пәні мұғалімдері Молдабаева Айнур Ермекқызы және Абилова Лаззат Кунанбаевнаның ұйымдастыруымен «Travelling around the world» викторинасы 7-8 сыныптар арасында және «I like English» 5а сынып арасында лингвистикалық ойыны өткізілді.



Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Жапабаева Айнұр Масгутқызы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына арналған 5аб - 9аб сыныптары арасында «Ұлт ұстазы Ахмет» сайысын өткізді. Балалар сайысқа белсенді қатысты. Оған дәлел барлық сыныптар қойылған қорытынды сұрақтарға жылдам әрі қатесіз жауап берді.

5-7 сыныптар арасында «Знаешь ли ты русский язык» сыныптан тыс іс шараны орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Сардарбекова Галия Габбасовна өткізді. Іс – шара барысында оқушылар сабаққа белсенді қатысты.



Дебат клубымызда шет қалмады, «Үш тілді білу - елге үлгі болу» тақырыбында пікірталасты дебат клубының жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі Зарымхан Айнагуль өткізді. Барлық балалар белсене қатысып, бұл тақырыпты оқушылар толықтай талдап, жақсы сөзталас болды.


Онкүндіктің жалғасын Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рахат Айсулу «Бабамның тілі ұрпағына аманат» атты мәнерлеп оқу сайсына барлық орта буын сыныптарын қатыстырды. Оқушылар өлеңдерін мәнерлеп оқып, адам жан дүниесіне жеткізе білді. Көрермен оқушылар керемет әсер алды. Байқау қорытындысы бойынша, 3-орын иеленген Қуанышбек Шолпан, Аблай Айгерім, Байған Маржан, 2-орын иеленген Избасар

Еркежан, Нұрдыбекқызы Зерделі, ал 1-орынды Ылғар Назерке және Хадысқызы Інжу қанжығасына байлады.

Тілдер апталығында бастауыш буыныда қалыс қалмады. 1-4 сыныптар аралығында сынып сағаттары өтті.

Апталықты одан ары қарай орыс тілі мұғалімі «Языки идут навстречу друг другу» интеллектуалдық ойын өткізді. Балалар қызыға қатысты. «Үш тұғырлы тілдің әлемі» деген тақырыпта ертегі қойылымдары өтті. Үш тілде сайыс түрінде өткізілді. Сайыста оқушылар белсенді қатысып, үш тілді қаншалықты меңгергендерін көрсете білді. «Тіл - достықтың мерейі» атты мерекелік концертпен он күндіктің салтанатты жабылуы өтті.

Он күндіктің жабылу салтанатында ашық сабақтарға белсенді қатысқан және үздік өлең оқыған, танымдық байқауға қатысқан мектеп оқушылары мадақтау қағазы мен арнайы сертификаттармен марапатталды. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы жоспарланған мақсаттарына жетіп, міндеттерін толық атқарды.

Бекітемін:   
Тілдер апталығының  
орта білім директоры А.Ж.Жаппасов  
директор А.Ж.Жаппасов  
« 2023 ж. »

Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткізілетін іс-шаралардың  
жоспары  
(5-16 қыркүйек 2023 жыл)

| №   | Іс-шаралардың атауы   | Мерзімі    | Жауаптылар   | Аяқтау нысаны |
|-----|---|------------|--|---------------|
| 1.  | «Тіл - әр халықтың байлығы» атты Қазақстан халқының тілдері күні мерекесінің ашылуы   | 5.09.2023  | Тіл мамандары  | Фотоесеп      |
| 2.  | Қазақстан халқының тілдері күні орай жалпықазақстандық ашық диктант   | 5.09.2023  | Жаппасова А.М.<br>Рахат А.<br>5-11 сыныптар            | Фотоесеп      |
| 3.  | Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілетін «Тілмізге деген көзқарас- елімізге деген көзқарас» атты шығармалар сайысы | 5.09.2023  | Тіл мамандары  | Фотоесеп      |
| 4.  | «Travelling around the world» викторина   | 6.09.2023  | Молдабаева А.Е<br>7-8 сыныптар                         | Фотоесеп      |
| 5.  | Ахмет Байұлышевтың шығармашылығына арналған « Ұлт ұстазы- Ахмет» сайысы   | 7.09.2023  | Жаппасова А.М.<br>Рахат А.                             | Фотоесеп      |
| 6.  | «Знаешь ли ты русский язык» внеклассное мероприятие   | 8.09.2023  | Сардарбекова Г.Г.<br>5-7 «Б» классы                    | Фотоотчет     |
| 7.  | «Үш тілді білу - елге үлгі болу»  | 9.09.2023  | Зарымжан А.<br>Дебат клубы                             | Фотоесеп      |
| 8.  | «I Like English» лингвистикалық ойын  | 12.09.2023 | Абилова Л.К.<br>5 сынып                                | Фотоесеп      |
| 9.  | «Бабамның тілі ұрпағына аманат» атты мәнерлеп оқу сайысы  | 13.09.2023 | Жаппасова А.М.<br>Рахат А.                             |               |
| 10. | «Языки идут навстречу друг другу» интеллектуальная игра   | 14.09.2023 | 5-9аБ сыныптар<br>Сардарбекова Г.Г.<br>6-6«А» сыныптар | Фотоесеп      |
| 11. | «Үш тұғырлы тілдің әлемі» деген тақырыпта ертегі қойылымы   | 15.09.2023 | Сынып жетекшілер<br>3-7аБ сыныптар                     | Фотоесеп      |
| 12. | «Тіл - достықтың мерейі» атты мерекелік концерттік бағдарлама   | 16.09.2023 | Тіл мамандары<br>Музыка пәнінің ұстаздары              | Фотоесеп      |



Среди учащихся 5б-7б проводился конкурс посвященный дню языков Казахстана.



Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі «Travelling around the world» интеллектуалды ойынын өткізді.

«Языки идут на встречу друг другу» атты интеллектуалдық ойыны орыс тілі пәнінің мұғалімі Сардарбекова Г.Г. өткізді.





Ақберенбайқауына балалар қатысып Ылғар Назерке және Қуанышбек Шолпан жүлделі орындарға ие болды. «Мағжан оқулары» Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай аудандық байқауға қатыстық.



Мұғалімдер күніне орай дублер күні өткізілді.

Қарттар айлығының қарсаңында балалар мерекелік концерт ұйымдастырды.



8-11 сынып оқушыларына арналған «Лингвистика» аудандық олимпиадасына 9 сынып оқушыларымыз 10 қараша күні қатысып жүлдері орындарға ие болды. Қуанышбек Шолпан 3 орын, Ылғар Назерке 3 орын. Барлық пәндерден мектепшілік олимпиадалар өткізілді.



Ауыл олимпиадасына оқушылар 9-11 сынып оқушылары қатысты.

4-15 желтоқсан аралығында Тарих пәнінің апталығы өткізілді.

Интеллектуалды ойындар «Умники и умницы», дебат «Тәуелсіздік біз үшін қымбат», «Археологическая находка» «Золотой человек» атты ашық сабақ, «Миллион кімге бұйырады» атты айын, Тарихи кинокөш «Оян Қазақ», «Переменка с пользой» атты викторина үзіліс кезінде өткізілді.

5-6 сыныптар арасындағы аудандық олимпиадаға қатысқандар оқушылар: Хадыс Инжу, Турсумбаев Нұртас орыс тілі пәнінен, Жұмашбай Нұрай Ағылшын тілі пәнінен, Микулко Иван ағылшын тілі пәнінен, Избасар Еркежан Қазақстан тарихынан, Чупыра Артем Қазақстан тарихынан, Нұрдыбек Зерделі қазақ тілі пәнінен, Амангелді Зере орыс тілі пәнінен, Ахметуали Құдайберген ағылшын тілі пәнінен, Абылай Айгерім Қазақстан тарихынан.

7-8 сыныптар аудандық олимпиадаға қатысып келді Жұмашбай Ерқанат 7 сынып оқушысы қазақ тілі пәнінен 2-ші орын, Еламан Кәусар ағылшын тілі пәнінен, Недилько Артем ағылшын тілі пәнінен 3-ші орын, Кабиева Салиқа 8 сынып оқушысы қазақ тілі пәнінен, Ермекбаев Санжарбек орыс тілі пәнінен. Русский медвежонок атты конкурстан Жанат Беласар 1 орын, Жаншуак Тумарым 1 орын, Избасар Сезім 1 орын, Джунисбай Айгерім 1 орын, Амангелди Зере 1 орын, Ораз Ұлдана 1 орын, Махмудова Малика 2 орын, Совет Назерке 2 орын, Толегенов Муратбек 2 орын алды.

20 желтоқсанда оқушыларымыз аудандық олимпиадаға қатысып келді Ылғар Назерке 9 сынып қазақ тілі пәнінен, Ұзақбаева Айкөркем қазақ тілі пәнінен 11 сынып оқушысы Байған Маржан 9 сынып оқушысы орыс тілі пәнінен, Қуанышбек Шолпан 9 сынып оқушысы ағылшын тілі пәнінен Аскарова Асем 11 сынып оқушысы ағылшын тәлілі пәнінен, Ұзақбаева Нұрсая Құқықтану пәнінен 9 сынып оқушысы, Ахат Уәлибек 11 сынып оқушысы қазақстан тарихы пәнінен қатысты.

«Абай оқулары байқауы, «Лияс Есенберлин» байқауы, «Мың бала» ұлттық олимпиадасы, «Махамбет оқулары» байқауы аудандық кезеңдеріне оқушыларымыз белсене қатысты.

08-19.01.2024ж. аралығында Орыс тілі және әдебиеті пәнінің апталығы аясындағы іс-шаралар өтті. Олар: Онкүндіктің салтанатты ашылуы, конкурс «Зрительный диктант», конкурс рисунков и стенгазет к литературному произведению, ирга «Поле чудес», Литературный батл ата-анамен оқушы арасында, «Лидер 21-века» интеллектуалды ойыны, конкурс чтецов «Мои родные».





5-11 сыныптар қазақ тілінен емтихан тапсырды.



2023-2024 оқу жылы өтекөп іс-шаралар өткізілді, оқушылар белсенді қатысты келер оқу жылда да жақсы жетістіктерге жетеміз деген үміттеміз.